



Co-funded by the  
Erasmus+ Programme  
of the European Union



AccelEd жобасын №618052-EPP-1-2020-1LT-EPPKA2-CBHE-SP гранттық келісімге сәйкес Erasmus+ бірлесе қаржыландырады.

---

# AccelEd News

№2 Шығарылым

**Желтоқсан, 2021**

**Шығарылымда...**

AccelEd жобасы аясында әлеуетті арттыру арқылы жаһандық мейіргерлер қауымдастығына жақындау.....	2
Қазақстандағы медициналық жоғары оқу орындарының магистранттары мен PhD докторанттарына арналған сапалы мейіргерлік зерттеулердің әдістемесі бойынша курс.....	3
Қазақстандағы денсаулық сақтау және білім беру мекемелері арасындағы ынтымақтастықты нығайтудың бес жолы.....	3
2022 жылға арналған іс-шаралар күнтізбесі.....	5
Байланыс үшін .....	6
Бізбен бірге болыңыздар.....	6
2022 жылдағы шығарылымдар кестесі.....	6

**Дисклеймер**

Материал тек автордың көзқарасын көрсетеді. Ондағы ақпаратты кез келген түрде пайдалануға Еуропалық комиссия жауап бермейді.

## AccelEd жобасы аясында әлеуетті арттыру арқылы жаһандық мейіргерлер қауымдастығына жақындау

Қымбатты оқырман!

**AccelEd** командасы бір жыл бойы Қазақстанда мейіргер ісі бойынша ғылыми-зерттеу қызметін дамытумен айналысып келді. Осы уақыт ішінде бізбен бірге болғандарыңыз үшін үлкен рақмет!

Жаңалық бюллетенінің бірінші санында сіздер дәлелді мейіргер ісін жүйелі қарастыру дағдыларын қалыптастыруға, докторантура деңгейінде мейіргер ісі факультеттерін басқарудың әлемдік озық тәжірибесін бағалауға, мейіргерлік күтімнің заманауи теорияларын әзірлеуге және оларды клиникаға енгізуге бағытталған іс-шаралар туралы оқыдыңыз. Бұл оқиғалардың негізгі нәтижелері туралы осы шығарылымда.



Бастапқы кезең аяқталғанға дейін *AccelEd* Қазақстандағы Erasmus+ ұлттық кеңсесінің бақылауынан өтті, нәтижесінде жоба қызметін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірленді. Мониторинг сапары барысында жобаның орындалуы, әрбір қатысушының рөлі және *AccelEd* нәтижелерінің тұрақтылығын қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.

*AccelEd* жобасының дамуына үлес қосқан тағы бір шара 2021 жылдың 14 қазанында

Erasmus күндерін атап өтуге арналған «Erasmus+ бағдарламасы шеңберінде мейіргерлік ісін жетілдіру жолдары» дөңгелек үстелі болды. Астана медицина университеті өткізген дөңгелек үстел Қазақстандағы мейіргер ісін дамытудың заманауи мүмкіндіктерін талқылауға және *AccelEd* жобасы қызметімен таныстыруға бағытталған. Жоба мақсаты – Қазақстандағы жоғары білім беру жүйесіндегі магистратура және докторантура деңгейінде мейіргерлік білім беру мүмкіндіктерін кеңейту. Шара «Мейіргер ісі» және «Мейіргер ғылымы» мамандықтары бойынша магистранттар мен докторанттарды біріктірді. Ұйымдастырушылар қатысушылардың назарын олардың кәсіби деңгейі мен зерттеушілік дағдыларын арттыру үшін ашылатын мүмкіндіктерге аударды.



Жалпы, *AccelEd* жобасы бір орында тұрмайды. Ол мейіргер ісі бойынша білім беру жүйесін реформалауға қатысатын адамдарды көбірек қамтуға тырысады. Жоба аясында жүргізілген жұмыстардың арқасында магистратура мен докторантура деңгейінде мейіргер ісін жақсырақ оқыту мүмкіндігі расында да болады деп сенеміз, бұл сонымен қатар осы мамандыққа түсушілер санын көбейтеді және мейіргерлердің кәсіби деңгейін дамытуға мүмкіндік береді.

## Қазақстандағы медициналық жоғары оқу орындарының магистранттары мен PhD докторанттарына арналған сапалы мейіргерлік зерттеулердің әдістемесі бойынша курс




Осы жылдың басында бірнеше іс-шаралар өткізілді. Бастапқыда топ Қазақстандағы мейіргер ісінің жалпы көрінісін, әсіресе магистратура мен PhD докторантура деңгейлерін қамтитын ситуациялық талдау жүргізді. Сол сияқты, жағдайды талдау медициналық университеттер ұсынатын зерттеу курстарын қарастырады. Зерттеу нәтижелері мейіргер ісіндегі сапалы зерттеулердің озық әдістерін әзірлеуде қолданылды.

Соңында LSMU (Литва), UMC Utrecht (Нидерланды), JAMK және ABO (Финляндия) және NUSOM (Қазақстан) еуропалық сарапшыларымен Zoom арқылы озық сапа курсы әзірлеу бойынша бірнеше кездесулер өткізілді. Содан кейін осы курстың әрбір тақырыбы сарапшылар тарапынан ұсынылып, дайындалды.

Одан кейін 2022 жылдың 24-28 қаңтары аралығында Шымкентте нұсқаушыларды даярлау бағдарламасы бойынша мастер-класс өткізіледі. Мастер-класс еуропалық сарапшылардың алдыңғы қатарлы сапалы зерттеу әдістемесі бойынша мейіргер ісіндегі оқытушылар арасында воркшоп өткізуге бағытталған. Іс-шаралар туралы қосымша ақпаратты осы жаңалық бюллетенінің іс-шаралар күнтізбесінен біле аласыз.

## Қазақстандағы денсаулық сақтау және білім беру мекемелері арасындағы ынтымақтастықты нығайтудың бес жолы



4 қарашада 2.3 жұмыс пакетінде дәлелді мейіргер ісіне негізделі отырып, мейіргер ісін дамытуды қолдайтын ынтымақтастықты арттыру үшін «Университеттер мен денсаулық сақтау мекемелері арасындағы ынтымақтастықтың құрылымдары мен процестерін дамыту бойынша ұсынымдар туралы есепті» таныстыру және талқылау мақсатында дөңгелек үстел өткізілді. Толық [есеппен](#) таныс болыңыздар.

Дөңгелек үстел барысында бес ұсынысты іс жүзінде жүзеге асыру бойынша ұсынымдар анықталды:

- 1) Қатысушылар негізгі құрылымдар ретінде мейіргер ісі саласындағы аймақтық мейіргер ісін жетілдіру орталықтарын (CNE), NRCHD және университеттерді, атап айтқанда, клиникалық жұмыс бөлімдері мен мейіргер ісі бойынша факультеттердің / мектептердің / кафедралардың жетекшілерін анықтады. Денсаулық сақтау мекемелерінде бұл құрылым мейіргерлер кеңесі ретінде анықталды.
- 2) Мейіргер ісін бірлесіп дамытуда CNE ресурстарын жақсырақ пайдалану үшін қатысушылар CNE платформасында ұсынылған ақпаратты белсенді түрде таратуды, сондай-ақ оқытушыларды, соның ішінде білім алушыларды оқыту маңызды деп қарастырды. Іске асыру үшін жауапты орган ретінде мейіргер ісі деканаты мен медициналық университеттің мейіргер ісі бойынша үйлестірушісі, сонымен қатар директордың мейіргер ісі жөніндегі орынбасары мен денсаулық сақтау мекемелеріндегі бас мейіргерлер ұсынылды.
- 3) Медициналық ЖОО-да мейіргер ісі бойынша ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық қажеттіліктер/тақырыптар туралы ақпарат алмасу процесін құру үшін серіктестікті дамыту, зерттеулерді ынталандыру және ғылыми гранттарға қатысу маңызды. Өз кезегінде МСАК білімді игеру мен енгізуді, енгізуді бақылауды, пәнаралық зерттеулерді ынталандыруды қажет етеді. Сонымен қатар, МСАК ұйымдарында мейіргер-зерттеуші лауазымын құру маңызды.
- 4) Серіктестік пен бірлескен зерттеулерді дамытудың маңыздылығы атап өтілді, бұл мейіргер ісі саласындағы ғылыми жобаларға қаржылық ресурстарды шоғырландыру қажеттілігін талап етті.
- 5) Азаматтардың денсаулығын сақтауда оң нәтижелерге қол жеткізетін дәлелді мейіргер ісін дамытудың өңірлік ұзақ мерзімді мақсаттарын бірлесіп белгілеу мақсатында медициналық жоғары оқу орындары мен МСАК ұйымдары басшыларының әрбір ұйымның мақсаттарына негізделген бірлескен мақсаттарын анықтау үшін кездесуін ұйымдастыру ұсынылды. Медициналық университеттердегі ғылыми құрылымдарға МСАК өкілдерін қосу маңызды.



Ынтымақтастық арқылы мейіргерлік тәжірибені жетілдіруге арналған вебинарлар сериясы іске қосылды. Вебинарлардың мақсаты мейіргер ісі саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының өзекті тақырыптарын талқылау болды. Жұмыс барысында әрбір университет сервис-дизайн арқылы шешуді қажет ететін мейіргерлік проблемаларды анықтады. Ал жұмыстың құрылымы туралы негізгі спикерлерден кері байланыс алдық. Бір қызығы, мейіргердің коммуникациялық дағдылары, кәсібiнен шаршау және жұмыс уақытын дұрыс пайдалану, әртүрлі тар шеңберлі салалардағы мейіргер рөліне қатысты бірнеше тақырыптар да пікірталас тудырды. Вебинарларға Қазақстанның практикалық денсаулық сақтау және медициналық университеттерінен барлығы 150-ден астам қатысушы қатысты.

## 2022 жылға арналған іс-шаралар күнтізбесі



**24-28 қаңтар**

«Мейіргер ісіндегі алдыңғы қатарлы сапа методологиясы I» тренингі

Академиялық қызметкерлер, «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша PhD докторанттар қатыса алады.

**Ұйымдастырушылар:** Литва денсаулық ғылымдары университеті, Назарбаев университетінің медицина мектебі, Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы.

**Өткізілетін жері:** Шымкент, Қазақстан.

**Байланыс үшін:** Aurelija Blaževičienė, [aurelija.blazeviciene@ismuni.lt](mailto:aurelija.blazeviciene@ismuni.lt)

Paolo Colet, [paolo.colet@nu.edu.kz](mailto:paolo.colet@nu.edu.kz)

Алма Ахметова, [alma\\_ukqma@mail.ru](mailto:alma_ukqma@mail.ru).



**31 қаңтар - 4 ақпан**

Магистрлік және PhD докторлық диссертацияларды әзірлеудің сапа критерийлерін әзірлеу бойынша мастер-класс.

Академиялық және әкімшілік қызметкерлер, қауымдастырылған серіктестер қатыса алады.

**Ұйымдастырушылар:** Утрехт университеттік медициналық орталығы және С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті.

**Өткізілетін жері:** Алматы, Қазақстан.

**Байланыс үшін:** Нуриля Ахметкалиева, [akhmetkalieva.n@kaznmu.kz](mailto:akhmetkalieva.n@kaznmu.kz).



**25-29 сәуір**

«Мейіргер ісінің теориялары және денсаулығының күрделі және ұзақ мерзімді проблемалары бар науқастарды зерттеу» оқу курсы

Медициналық жоғары оқу орындарының академиялық қызметкерлері, магистранттары мен докторанттары қатыса алады.

**Ұйымдастырушылар:** Або Академи университеті және Астана медицина университеті.

**Өткізілетін жері:** Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

**Байланыс үшін:** Lisbeth Fagerstrom, [lisbeth.fagerstrom@abo.fi](mailto:lisbeth.fagerstrom@abo.fi).



**8-9 маусым**

«Мейіргер ісінің теориялары және денсаулығының күрделі және ұзақ мерзімді проблемалары бар науқастарды зерттеу» оқу курсының аясында семинар

Академиялық қызметкерлер, студенттер, медициналық мекемелер қатыса алады.

**Ұйымдастырушылар:** Або Академи университеті және Астана медицина университеті.

**Өткізілетін жері:** Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

**Байланыс үшін:** Lisbeth Fagerstrom, [lisbeth.fagerstrom@abo.fi](mailto:lisbeth.fagerstrom@abo.fi).



**11, 12, 13, 16, 17 мамыр**

Зерттеу комитеттерінің мүшелеріне арналған мастер-класс

Мейіргер ісі ғылымындағы барлық деңгейдегі білім алушылар, оқытушылар және әкімшілік қызметкерлер қатыса алады.

**Ұйымдастырушылар:** Утрехт университеттік медициналық орталығы және С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті.

**Өткізілетін жері:** Алматы, Қазақстан.

**Байланыс үшін:** Нуриля Ахметкалиева, [akhmetkalieva.n@kaznmu.kz](mailto:akhmetkalieva.n@kaznmu.kz).



**19-20 мамыр**

Академиялық қызметкерлер, университет студенттері, әкімшілік қызметкерлер, ассоциацияланған серіктестер мен министрліктердің өкілдері, университет басшылары қатыса алады.

**Ұйымдастырушылар:** Або Академи университеті және Астана медицина университеті.

**Өткізілетін жері:** Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

**Байланыс үшін:** Lisbeth Fagerstrom, [lisbeth.fagerstrom@abo.fi](mailto:lisbeth.fagerstrom@abo.fi).



**23-27 мамыр**

«Денсаулық сақтауды (мейіргерлік қызметте) дамытудағы сервистік дизайн теориясы» мастер-классы II бөлім

Академиялық қызметкерлер, студенттер, медициналық мекемелер қатыса алады.

**Ұйымдастырушылар:** Университет прикладных наук Ювяскуля и Медицинский университет Караганды.

**Өткізілетін жері:** Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

**Байланыс үшін:** Жұлдыз Куаныш, [kuanysh@kgmu.kz](mailto:kuanysh@kgmu.kz).



**9-17 маусым**

«Мейіргер ісіндегі алдыңғы қатарлы сапа методологиясы II» тренингі

Академиялық қызметкерлер, «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша PhD докторанттар қатыса алады.

**Ұйымдастырушылар:** Литовский университет наук о здоровье, Школа медицины Назарбаев университета.

**Өткізілетін жері:** Нур-Сұлтан, Казахстан.

**Байланыс үшін:** Paolo Colet, [paolo.colet@nu.edu.kz](mailto:paolo.colet@nu.edu.kz).



**қараша**

Денсаулық сақтауды (мейіргерлік қызметті) дамытудағы сервистік дизайн бойынша семинар

Академиялық қызметкерлер, университет студенттері, әкімшілік қызметкерлер қатыса алады.

**Өткізілетін жері:** Қараганды, Қазақстан.

**Байланыс үшін:** Жұлдыз Куаныш, [kuanysh@kgmu.kz](mailto:kuanysh@kgmu.kz).

**Байланыс үшін**

**Юрате** **Мацияускене,** жоба  
үйлестірушісі

[jurate.macijauskiene@lsmuni.lt](mailto:jurate.macijauskiene@lsmuni.lt)

**Живиле** **Кепезинскене,** жоба  
менеджері

[zivile.kepezinskiene@lsmu.lt](mailto:zivile.kepezinskiene@lsmu.lt)

**Редакция тобы**

**АСТАНА** **МЕДИЦИНА**  
**УНИВЕРСИТЕТІ,**

Нұр-Сұлтан қаласы, Бейбітшілік  
көшесі 49А

[acceled.nursing@gmail.com](mailto:acceled.nursing@gmail.com)

**Динара Қожахметова,**

[kozhahmetova.d@amu.kz](mailto:kozhahmetova.d@amu.kz)

**Елес Мұратбек,** [muratbek.e@amu.kz](mailto:muratbek.e@amu.kz)

**Бізбен бірге болыңыздар**

өту үшін басыңыз



[project-acceled.com](http://project-acceled.com)

AccelEd Project

@acceled.nursing

@acceled.nursing

**2022 жылдағы шығарылымдар кестесі: наурыз, маусым, қазан және желтоқсан.**